

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕҢГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2017 ж. 10.03 жүргізілді
BCN 070540008194
Алғашқы тіркелген күні 10.05 жыл 2007
Күрәлік № 443-1901-02-18

БЕКІТІЛДІ
«Самұрық-Энерго» АҚ
Жалғыз акционерінің
(«Самұрық - Қазына» АҚ
Басқармасының
2017 жылғы «10» 03
№07/17 хаттамасы)

«Самұрық - Энерго»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Астана 2017 жыл

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамаларына сәйкес әзірленді және бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын заңды тұлға ретінде «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін белгілейді.

1-бап. Жалпы ережелер

1. Қоғамның толық атауы:
 - а) мемлекеттік тілде: «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы;
 - б) орыс тілінде: акционерное общество «Самрук-Энерго»;
 - в) ағылшын тілінде: «Samruk-Energy» joint stock company.
2. Қоғамның қысқартылған атауы:
 - а) мемлекеттік тілде: «Самұрық-Энерго» АҚ;
 - б) орыс тілінде: АО «Самрук-Энерго»;
 - в) ағылшын тілінде: «Samruk-Energy» JSC.
3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 15 А-үй.
4. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектеусіз.
5. Қоғамның қызметі шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.
6. Қоғамның меншік нысаны – жеке.

2-бап. Қоғамның заңдық мәртебесі

1. Қоғам ҚР заңнамаларына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
2. Қоғамның өз атауы көрсетілген мөрі, мөртаңбалары мен бланкілері бар, сонымен қатар үлгілерін Қоғам Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзінің тауар белгісі мен нышаны болады.
3. Қоғам ҚР заңнамаларына сәйкес ҚР аумағында және одан тыс жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.
4. Қоғам өз қызметін ҚР заңнамаларына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.
5. Қоғам ҚР заңнамаларында көзделген тәртіппен өзінің тұрған жерінен тыс орналасқан заңды тұлғалар болып табылмайтын және ереже негізінде Қоғамның атынан әрі оның тапсыруы бойынша әрекет ететін филиалдары мен өкілдіктерін ашуға, оларға өзінің меншікті мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын беруге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар, соның ішінде мекемелер құруға құқылы.
6. Қоғам өз мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапты болады.
7. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және ҚР заңнамаларында көзделген жағдайларды қоспағанда өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

3-бап. Қоғам қызметінің мақсаттары мен түрлері

1. Қоғамды құру мен оның қызметінің негізгі мақсаты (функциялары):
 - 1) таза табыс табу;
 - 2) қолда бар өндіруші қуаттарды жаңғыртуға және жаңа өндіруші қуаттарды салуға, ҚР энергетика саласына жаңа технологияларды енгізуге жәрдемдесу;
 - 3) энергия жүйелерінің жұмыс тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
 - 4) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қоғамға тиесілі заңды тұлғалар қызметінің тиімділігін арттыру;
 - 5) ҚР-дағы инвестициялық жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
 - 6) ҚР Үкіметі бекітетін электр энергетикасы кешенін реформалау бағдарламаларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
 - 7) энергия үнемдеу саясатын жүргізу және Қоғамның энергетикалық объектілерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
2. Қоғам табиғи монополиялар субъектілерінің қызметімен байланысты емес қызмет түрлерін жүзеге асырады, атап айтқанда:
 - 1) меншік және/немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қоғамға тиесілі электр энергетикалық, көмір активтерін басқару;
 - 2) ҚР заңнамаларымен тыйым салынбаған өзге қызмет түрлері.
3. Кез келген рұқсат етілген қызмет ҚР заңнамаларына сәйкес және тиісті лицензияны, рұқсат және/немесе мақұлдау алғаннан кейін ғана, егер олар ҚР заңнамаларына сәйкес алынуға тиіс болса, жүзеге асырылады.

4-бап. Қоғамның Жарғылық капиталы

1. Қоғамның жарғылық капиталы акционерлердің акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген талаптарға сәйкес белгіленетін орналастыру бағалары бойынша олардың номиналды құны бойынша төлеу арқылы құрылады және ол ҚР ұлттық валютасымен көрсетіледі.
2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту ҚР заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5-бап. Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздары

1. Қоғам жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
2. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сонымен қатар Жалғыз акционерге Қоғам таза табыс тапқан жағдайда дивидендтер алуға және Қоғам таратылған жағдайда ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
3. Акцияларды шығару шарттары мен тәртібі акциялар шығару проспектісінде белгіленеді.
4. Акционерлер – артықшылықты акциялардың иелері, олардың Қоғамның жай акцияларының иесі – Жалғыз акционердің алдында осы Жарғыда

белгіленген мөлшерде дивиденд алуға және Қоғам таратылған жағдайда ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алуға басым құқығы бар.

5. Орналастырған кезеңде Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

6. Артықшылықты акция акционерге Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

7. Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын жарияланған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған аталған бағалы қағаздарын сату ниеті бар Қоғам шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде Жалғыз акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, бағалы қағаздарды Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған органы белгілеген орналастыру (сату) бағасы бойынша сатып алу туралы ұсыныс жасауға міндетті.

8. Қоғам акциялардан басқа, құжатты және құжатсыз нысанда басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Бағалы қағаздар шығару нысаны оларды шығару туралы шешім қабылданған кезде анықталады.

9. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

10. Қоғам ҚР заңнамаларына сәйкес Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғам акцияларының екінші түріне алмастыруды жүзеге асыруға құқылы.

11. ҚР заңнамаларына сәйкес Қоғам Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзінің әрі қарайғы қызметі үшін қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға құқылы.

12. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналым шарттары мен тәртібі, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану ҚР заңнамаларымен және облигацияларды шығару проспектісінде белгіленеді.

6 -бап. Дивидендтер

1. Қоғамның таза табысы (бюджетке төленетін салық және басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген тәртіппен бөлінеді.

2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша төленеді.

3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

4. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен, артықшылықты акциялар бойынша ақшалай төленеді.

6. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге мұндай төлем Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда Қоғамның жарияланған акцияларымен немесе олар шығарған акциялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана рұқсат етіледі.

7. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша мынадай жағдайларда:

1) меншікті капиталының мөлшері теріс болса немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол ҚР оңалту және банкроттық туралы заңнамаларына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

8. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу жыл сайын жүргізіледі және Қоғам органының шешімін талап етпейді.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері осы кезеңдегі жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен кем болмайды.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленіп болмайынша, оның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жүргізілмейді.

9. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталар алдында бес жұмыс күні ішінде Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында Заңның 23-бабы 3-тармағының 1), 2), 4), 5) – тармақшаларында санамалап көрсетілген мәліметтерді көрсете отырып дивидендтер төлеуге, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептелген дивиденд мөлшері туралы ақпаратты жариялауға міндетті.

7-бап. Қоғамның органдары

1. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Қоғамның Басқарма Төрағасы басқаратын Басқарма.

4) Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын, ішкі бақылау саласын, тәуекелдерді басқаруды, корпоративті басқару саласында құжаттардың орындалуын бағалайтын және кеңес беретін орган – Ішкі аудит қызметі.

2. Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары Жалғыз акционерге тиесілі болғандықтан, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңмен, осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

8-бап. Жалғыз акционер

1. Қоғамның Жалғыз акционері мыналарға:

- 1) ҚР заңнамаларында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер және/немесе осы Жарғы белгілеген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен

танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе оның номинал ұстаушысынан бағалы қағаздарға өзінің меншік құқығын растайтын үзінді алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) сұрауда белгіленген мерзімде немесе сұрауды алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей аффилиирленген ұйымдарға қатысты Қоғам қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты алуға;

8) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;

9) ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен акцияларды немесе Қоғамның акцияларына айырбасталатын оның бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

10) ҚР заңнамаларына сәйкес Жалғыз акционердің қарауына енгізу үшін Директорлар кеңесіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

12) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге;

13) Қоғамға оның қызметіне қатысты жазбаша сұрау салуға және сұрауда белгіленген мерзімде немесе сұрауды алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей уәжді жауап алуға;

14) ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға;

15) Қоғам өкілдерімен Жалғыз акционердің негізгі құқықтарының сақталуы мен корпоративтік басқару саясаты мәселелерін талқылауға;

16) ҚР заңнамаларында көзделген жағдайларда өз атынан Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген шығынын Қоғамға өтеу туралы және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілігі бар мәміле жасау (қорытындыға ұсыныс беру) туралы шешім қабылдауы нәтижесінде олардың алған пайдасын (табыс) қайтаруды талап ете отырып, сот органдарына жүгінуге құқылы.

2. Артықшылықты акция мынадай жағдайларда акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді:

1) Жалғыз акционер артықшылықты акцияға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені, шешімді қарайды. Мұндай мәселе жөніндегі шешім тек орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынғандарды шегергенді есептемегенде) жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады.

Артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелер бойынша шешім қабылдау:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерін азайту немесе оның мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;

Қоғамның артықшылықты акцияларын жай акцияларға ауыстыру туралы мәселелер жатады;

2) Жалғыз акционер артықшылықты акцияларды Қоғам Заңға сәйкес ұйымдаспаған нарықта сатып алған жағдайда оның құнын анықтау әдістемесіне (егер ол бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) енгізілетін өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды;

3) Жалғыз акционер Қоғамды қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарайды;

4) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім біткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеген жағдайды қарайды.

3. Жалғыз акционер:

1) акцияларды ҚР заңнамаларында көзделген тәртіппен төлеуге;

2) он күн ішінде Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіне енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы Қоғамның тіркеушісін және Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номинал ұстаушысын хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиядан тұратын ақпаратты жария етпеуге;

4) ҚР заңнамаларына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4. Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі Жалғыз акционердің Жарғының осы бабының 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауынан туындаған салдарлар үшін жауап бермейді.

5. Қоғам органдарын сайлау мәселелері мен өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда бір жылғы дивиденд мөлшері туралы материалдар ҚР заңнамаларында және осы Жарғыда көзделген ақпараттан тұруға тиіс.

9-бап. Жалғыз акционердің айрықша құзыреті

1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акциялар санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгерістерін анықтау;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, мұндай ауыстырудың талаптарын анықтау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін анықтау, мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен оның шарттарын, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен байланысты шығындарды анықтау;

9) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу және оның қызметіне төленетін төлем мөлшерін анықтау;

11) Әкімшілік аппаратты орналастыру үшін қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтері мен алаң нормаларын анықтау;

12) Қоғамның қызметтік іссапарларға жіберілетін қызметкерлеріне

жұмсалатын шығындарды өтеу тәртібі мен шарттарын белгілеу;

13) қызметкерлерге ұялы байланысты, өкілдік шығыстар шектелімін пайдалану құқықтарын берген жағдайда Қоғам қаражаты есебінен өтелетін шығындар шектелімін анықтау;

14) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

15) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;

16) Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

17) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

18) Қоғам акцияларының листингі және ерікті делистингі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

20) Қоғам акцияларды сатып алған жағдайда Заңға сәйкес акциялар құнын анықтау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер ол бекітілмеген болса) енгізілетін өзгерістерді бекіту;

21) Қоғамның қабылдауы ҚР заңнамаларымен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарын бекіту;

22) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

23) ҚР заңнамаларымен белгіленген тәртіппен Қоғамның Басқарма Төрағасын тағайындауды және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды келісу;

24) Қоғамның акцияларына опциондар ұсынуды көздейтін тәртіпті бекіту, сондай-ақ Қоғамның акцияларына опциондар ұсыну шарттарын бекіту;

25) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

26) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне біліктілік критерийлерін және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне тәуелсіздік критерийлерін бекіту;

27) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені акционерлік Қоғамның жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдауы;

28) Шешім қабылдау ҚР заңнамалық актілерінде және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау мәселелерін, егер ҚР заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қоғамның басқа органдарына, лауазымды тұлғаларына немесе қызметкерлеріне беруге жол берілмейді.

3. Жалғыз акционер Қоғамның өзге органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімін жоюға құқылы.

10-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

1. Қоғамның Директорлар кеңесі - Қоғамның ҚР заңнамаларымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайтын органы.

2. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олар өз міндеттерін атқарған кезеңде сыйақы төленеді және олардың Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қызметтерін атқаруымен байланысты шығындары өтеледі. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

3. Директорлар кеңесі өз қызметтерін ҚР заңнамаларына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексінә, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

2) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту, сонымен қатар Қоғамның даму стратегиясының іске асырылуына, Қоғамның даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуына мониторинг жүргізу;

3) Қоғамның даму жоспарында (бизнес-жоспарында) жоспарланатын кезеңдегі алғашқы күнтізбелік жылға бюджетін бекіту, сондай-ақ оны қалыптастыру, бекіту, түзету және орындалуына мониторинг жүргізу үдерістерін реттеу;

4) Қоғам Басқармасының мүшелері, Қоғамның Корпоративті хатшысы (Қоғамның Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақы комитетінің ұсынымдары бойынша), Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен жетекшісі және олардың мақсатты мәні (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің ұсынымдары бойынша), сондай-ақ олардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу үшін негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту;

5) акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы бойынша шешім қабылдау;

7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және оны Қоғамның Жалғыз акционерінің бекітуіне шығару, оның ішінде Қоғамның сыртқы аудитінің сапасы мен тәуелсіздігіне бақылауды жүзеге асыру;

8) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшері туралы ұсыныс енгізу;

9) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есептен тұратын Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту;

10) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

11) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ осы Жарғының 9-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына сәйкес Қоғамның

Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Жалғыз акционерімен келісілген жағдайда Қоғамның Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, екбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын белгілеу;

13) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің (Қоғамның Директорлар кеңесі Аудит комитетінің ұсынымдары бойынша) мөлшері мен талаптарын анықтау;

14) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау;

15) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

16) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша (Қоғамның Директорлар кеңесі Аудит комитетінің ұсынымдары бойынша) шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін уақытша тоқтату;

18) Қоғамның Корпоративтік хатшысына лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйлықақы беру талаптарын белгілеу;

19) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның корпоративті басқару жүйесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту немесе Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне кіретін Қоғамның корпоративті басқару мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;

20) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік критерийлері мен тәуелсіздік критерийлеріне қатысты ұсынымдар дайындау;

21) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері, оны белгілеу тәртібі мен талаптары бойынша ұсынымдар дайындау;

22) Қоғам омбудсменін тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар ол туралы ережені бекіту;

23) Қоғамның Іскери этика кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

24) Қоғамның Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

25) Қоғамның Есеп саясатын бекіту;

26) Қоғамның Сыртқы аудит жөніндегі саясатын бекіту;

27) Қоғамның орнықты даму, есеп беру саласындағы құжаттарын орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын бекіту;

28) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатын бекіту;

29) Қоғамдағы корпоративтік дауларды реттеу саясаты мен мүдделер қақтығысын реттеу саясатын бекіту;

30) Қоғамның ақпараттық саясатын бекіту және оның тиімділігін бағалау;

31) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен өзге қызметкерлерінің арасында туындайтын корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізу және оны реттеуге қатысу;

- 32) аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 33) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту;
- 34) Қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту;
- 35) Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы ережесін бекіту;
- 36) Қоғамның жалпы тәуекел-тәбетін, Қоғамның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін бекіту, қабылдайтын тәуекелдердің деңгейін шектеу үшін шектелімдер белгілеу және негізгі тәуекелдер көрсеткішін бекіту;
- 37) Қоғам тәуекелдерінің тіркелімі мен картасын бекіту;
- 38) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 39) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Даму стратегиясының, Даму жоспарының, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштері жетісіктерінің, олардың мақсатты нысанасының, Қоғамның негізгі тәуекелдері мен оларды басқару тиімділігінің орындалуы және іске асырылуы туралы басқару есептілігін ұсыну тәртібі мен нысанын бекіту;
- 40) Қоғам мен Қоғам акцияларына (қатысу үлесіне) тікелей немесе жанама ие заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін (қайта құрылымдау, қайта құру, тарату, сатып алу және/немесе айыру, сенімді басқаруға беру, ауыртпалық салу/жасау және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) регламенттейтін құжатты бекіту; оның іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ аталған құжатты мерзімді негізде қайта қарау;
- 41) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдауы ҚР заңнамаларымен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционер мен Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттарды бекіту;
- 42) Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын құру және белгілеу, олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;
- 43) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау;
- 44) Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны мен ұйымдық құрылымын бекіту;
- 45) Тағайындау мен келісуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғам қызметкерлерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің тізбесін анықтау;
- 46) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелерімен және Қоғамның өзге қызметкерлерімен жасасатын шарттарының маңызды талаптарын бекіту;
- 47) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес, Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның өзге қызметкерлерінің қызметін бағалау көрсеткіштерін бекіту;
- 48) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес, Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның өзге қызметкерлерінің қызметін бағалау;
- 49) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның өзге қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламасын бекіту;
- 50) Қоғамның шетелдік филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы

шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

51) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) сатып алуы (иелігінен алуы) туралы шешім қабылдау;

52) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешім қабылдауы;

53) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) сенімді басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

54) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның (қатысушының) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

54-1) Акционерлік қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тізбе бойынша жаңа редакцияда бекіту;

54-2) қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;

54-3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;

54-4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгерістерін анықтау;

54-5) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару;

54-6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне айырбастау, мұндай айырбастың шарттары мен тәртібін белгілеу;

54-7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, олардың мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстар мөлшері мен оны төлеу шарттарын белгілеу;

54-8) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы бекіткен тізбеге сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен келісім бойынша барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Қоғамға тиесілі («Самұрық-Қазына» АҚ тобы аясында) заңды тұлғалардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және кейіннен олармен белгіленген тәртіпте еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтата отырып, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

54-9) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға не олардың қызметіне немесе өзге заңды тұлғаларды акционерлер (қатысушылар) құрамынан шығаруға қатысуы;

54-10) «алтын акцияны» енгізу және жою;

54-11) серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, оның орналасқан жерін, фирмалық атауын қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе Жарғыны Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тізбе бойынша жаңа редакцияда бекіту;

54-12) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және мұндай берудің шарттарын анықтау;

54-13) серіктестіктің бақылаушы кеңесінің және (немесе) тексеру

комиссиясының (тексерушінің) мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

54-14) серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерінің, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуы;

54-15) серіктестікті қайта құру немесе тарату;

54-16) серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге алу;

54-17) ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 39-бабына сәйкес серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу;

55) бұрынғы тіркеушімен жасасқан шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

56) Шешім қабылдау ҚР Заңнамаларымен немесе осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау. Ірі мәміле деп нәтижесінде құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы танылады;

57) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне қатысты келісім беруі туралы шешім қабылдау;

58) Қоғамның бағалы қағаздарына кепілдік беру туралы шартты мақұлдау;

59) Қоғамның аралық қаржылық есептілігін бекіту;

60) Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер бойынша, ол туралы ақпаратпен Жалғыз акционер хабардар болуы тиіс, мәселелер тізбесін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

61) Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді енгізу;

62) тоқсан сайын Қоғамның негізгі тәуекелдерінің сипаттамасынан және оларға жасалған талдаудан, сонымен қатар Қоғамның тәуекелдерін мейлінше азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтерден тұратын Қоғам бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерін қарау;

63) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту;

64) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

65) Қоғамның кадр саясатын бекіту;

66) ҚР заңнамалық актілерінде және (немесе) осы Жарғыда көзделген Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

5. Осы баптың 4-тармағында белгіленген сұрақтар тізбесі оларды шешу үшін Қоғамның Басқармасына берілмейді.

6. Қоғамның Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

7. Осы Жарғының 10-бабы 4-тармағының 2), 3), 4), 7), 10)-18), 22), 37), 38), 44), 45), 47), 48), 56)-58) тармақшаларында көрсетілген мәселелер, сонымен

қатар Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген өзге мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесінің тікелей отырыстарында қабылданады.

8. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелер жасау кезінде асыра пайдалану фактілерін бақылап отыруға және мүмкіндігінше болдырмауға;

2) Қоғамдағы корпоративті басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

11-бап. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционер мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлға сайлануы мүмкін. Мұндай адамдар саны Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

ҚР Үкіметі мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуына рұқсат етілмейді.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесінің:

1) ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы болмауы;

2) бұрын заңды тұлғаның басшы қызметкері лауазымын атқарған кезде банкрот болып танылған немесе тоқтатып қоюға, қалпына келтіруге, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері немесе аталған заңды тұлғаның тоқтатып қоюға, қалпына келтіруге, мәжбүрлеп таратуға ұшырағаны туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде оның басшы қызметкері болмауы тиіс.

3. Қоғамның Басқарма Төрағасынан басқа Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы алты адамнан кем болмауға тиіс, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылдан аспауға тиіс, өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын қайта сайлауға болады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

4. Тәуелсіз директор Заңда көзделген талаптарға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады, сонымен қатар егер ол:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл ішінде Қоғам қызметкері немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын болса немесе болмаса;

2) Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл ішінде оның Қоғам қызметкерлерімен жақын туыстығы (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, ұлы, қызы),

некеде тұрған адамы, сондай-ақ жекжаттығы (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, ұлы, қызы) болмайтын және болмаған болса;

3) Қоғамнан немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғаларынан қаржы алып тұратын коммерциялық емес ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса;

4) Қоғамға және Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қайтарымды негізде кез келген қызмет түрін көрсетпейтін болса;

5) Қоғам қызметкері директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмайтын болса;

6) Қоғамға аудит жүргізетін немесе жүргізген ұйымның аффилиирленген тұлғасы немесе қызметкері не аталған ұйымның аффилиирленген тұлғаларының қызметкері болмаса және Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл ішінде болмаса;

7) Қоғам қабылдайтын шешімдерді белгілей алатын мүмкіндігі бар немесе Қоғам қабылдайтын шешімдерді белгілей алатын мүмкіндігі бар тұлғаның жақын туысы, мұрагері, құқықтық мирасқоры, өкілі болмаса;

8) Қоғам акционерінің аффилиирленген тұлғасы болмаса;

9) Шетел мемлекетінің заңнамалық, атқарушы, әкімшілік немесе сот органдарында қандай да бір тағайындалатын немесе сайланатын қызмет атқаратын тұлға болмаса, сонымен қатар шетел мемлекеті үшін қандай да бір жария функция атқаратын тұлға болмаса;

10) Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен өзге критерийлерге сай келсе, тәуелсіз директор болып табылады.

12-бап. Директорлар Кеңесінің комитеттері

1. Директорлар кеңесінде неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің мына мәселелер:

1) тағайындаулар және сыйақылар;

2) аудит;

3) ҚР заңнамаларында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелер жөніндегі комитеттері құрылады.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғамның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағасы бола алмайды.

3. Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

13-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

1. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі барлық Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімімен сәйкес келеді және Жалғыз акционер Директорлар

кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөніндегі шешімін қабылдаған сәтте аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жыл мерзімге сайланады, кейін қызметтің қанағаттанарлық нәтижелерінде тағы үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан артық мерзімге кез келген сайлану мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы түрде жаңарту қажеттігін ескере отырып, айрықша қарауға жатады.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жыл сайлануы мүмкін. Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан асатын мерзімге сайлануға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау аталған мүшені Директорлар кеңесіне сайлау қажеттігін және аталған фактордың шешімдер қабылдауының тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжей түсіндіре отырып, жыл сайын жүргізілуі тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғалардың директорлар кеңестерінде лауазым иеленуге тыйым салынады.

2. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

3. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлауды Қоғамның Жалғыз акционері жүзеге асырады, бұл орайда Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі, тұтастай алғанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің бітуімен бір мезгілде аяқталады.

14-бап. Директорлар кеңесінің Төрағасы

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын Қоғамның Жалғыз акционері сайлайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы ҚР заңнамаларында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыстарды жүргізеді және хаттамаға қол қояды;

4) егер осы Жарғыда өзгеше көзделмеген болса, Қоғам атынан Қоғамның Басқарма Төрағасымен еңбек шартына қол қояды;

5) Қоғам атынан Тәуелсіз директормен жасасқан шартқа қол қояды;

6) Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі мен Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өзге қызметтерді жүзеге асырады.

15-бап. Директорлар кеңесінің отырысы

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар

кеңесі Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасымен немесе мыналардың:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламасын жіберу арқылы қойылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болып табылатын Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

3. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын ұсынылады.

Төменде көрсетілген неғұрлым маңызды мәселелер бойынша материалдар кемінде 15 (он бес) жұмыс күн бұрын ұсынылады:

- 1) Қоғамның басымды бағыттарын анықтау;
- 2) Қоғамның даму стратегиясын бекіту;
- 3) Қоғамның бес жылдық кезеңге арналған даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту;
- 4) жарияланған акциялардың шегінде акциялардың орналастыру (сату), соның ішінде орналдырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі және құны туралы шешім қабылдау;
- 5) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу құны туралы шешім қабылдау;
- 6) Басқарма Төрағасы мен мүшелері үшін ынталандырушы негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту;
- 7) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 8) Қоғамның Жалғыз акционеріне аяқталған қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясы үшін дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды беру;
- 9) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту.

4. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Қоғамның корпоративті хатшысы дайындайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламалар жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

Сырттай дауыс беру арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сонымен қатар Қоғамның

Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бірыңғай нысанда сырттай дауыс беру үшін берілетін бюллетень қоса беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар:

- 1) Қоғам Басқармасының атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді Корпоративтік хатшыға берген күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру

нұсқалары;

- 5) өзге мәліметтер көрсетілуі тиіс.

5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасына Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

6. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін жиналатын кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және ол техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференциялар сеансы, телефон арқылы конференц-байланыстар режимінде және т.б.) пайдалана отырып немесе олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған жағдайда, қарастырылатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Қоғамның Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін ескере отырып анықталуы мүмкін.

Егер Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына бастамашылық жасауға міндетті.

7. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңда және осы Жарғыда өзгеше көзделмеген болса, отырысқа қатысқан Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық еткен Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының дауыс шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселеге мүдделілік танытқан Директорлар кеңесінің мүшесі аталған мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жазылады.

8. Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

9. Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының шешіміне байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл орайда отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылады.

Бюллетеньдердегі белгіленген мерзімде кворум жиналған жағдайда шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Корпоративтік хатшының қолы қойылуға тиіс, сонымен қатар ол мыналардан тұрады:

- 1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақырған тұлғаның (органның) атауы;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болу/болмауы туралы жазба;
- 7) дауыс беруге қойылған мәселелер, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 8) қабылданған шешім;
- 9) өзге мәліметтер.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркей отырып жіберілуге тиіс.

10. Қоғамның Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Корпоративтік хатшы қол қоюға тиіс және онда:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер, Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

11. Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері, сондай-ақ қолдары қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

12. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің өзінің қолы қойылып, мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

13. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіп бұза отырып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі онымен сот тәртібімен дауласуға құқылы.

14. Қоғамның Жалғыз акционері егер осы аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, Қоғамның ҚР заңнамалары мен осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешімімен сотта дауласуға құқылы.

16-бап. Қоғам Басқармасы

1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

2. Қоғам Басқармасы Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

3. Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу, шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам Басқармасы туралы ережеде белгіленеді.

4. Қоғам Басқармасының құзыретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын), Қоғамның бюджетін іске асыру, Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің жетістіктеріне және олардың мақсатты нысаналарына қол жеткізу;

3) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыру;

4) Қоғамның штаттық кестесін бекіту;

5) Қоғам қызметкерлерінің (Қоғамның Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда) еңбегіне ақы төлеу ережесі мен лауазымдық жалақылар сызбасын бекіту;

6) Қоғам Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

7) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның дивидендті саясатына, Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін анықтауға қатысты ұсынымдар әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарау, мақұлдау және ұсыну;

8) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;

9) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;

10) «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он пайызының (қоса алғанда) мөлшерін құрайтын шамаға көбейту;

12) осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Басқарма Төрағасы шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде құны Қоғамның активтері құнының жалпы мөлшерінің екі пайызынан артық және он пайызынан кем емес мүлкін сатып алатын немесе иелігінен айыратын (сатып алуы немесе иелігінен айыруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы Қоғамның қорытындысы туралы шешім қабылдау;

13) ҚР аумағында Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық

немесе Заңмен қорғалатын өзге құпиялардан тұратын ақпаратты анықтау және аталған ақпаратты қорғауды реттейтін рәсімдерді бекіту;

15) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын Қоғам өкілдерінің Қоғам Басқармасы бекіткен мәселелер тізбесі бойынша Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұстанымдарын анықтау;

16) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің өз құзыретін жүзеге асыруы үшін қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және өзге қаражаттарды бөлу;

17) бағалаушының Қоғамның акциясына төлеуге берілген мүліктің немесе ірі мәміленің негізі болып табылатын мүліктің нарықтағы құнын бағалау бойынша баға беру қызметіне төлем мөлшерін белгілеу;

18) акцияларының он және одан көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің жалпы жиналысының (қатысушылардың) құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша мынадай шешімдер қабылдау:

18-1) Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғының 10-бабының 4-тармағы 56-1) тармақшасына сәйкес Жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін акционерлік қоғамдарды қоспағанда, акционерлік қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

18-2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысымен көзделген жағдайда, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

18-3) Есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

18-4) қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

18-5) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

18-6) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

18-7) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

18-8) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

18-9) қоғамның акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабардар ету нысанын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

18-10) Қоғам Заңға сәйкес ұйымдаспаған нарықта акцияларды сатып алған жағдайда акциялардың құнын анықтау әдістемесіне (егер ол құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) өзгерістер енгізу;

18-11) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

18-12) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғамның жарғысында белгіленбеген болса, бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;

18-13) шешімдер қабылдау Заңмен және (немесе) Қоғам Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер;

18-14) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, оның орналасқан

жерін, фирмалық атауын қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғының 10-бабы 4-тармағының 56-11) тармақшасына сәйкес Жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін серіктестіктерді қоспағанда, Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

18-15) бекітуі серіктестік жарғысымен серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;

18-16) Тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

18-17) ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 34-бабына сәйкес серіктестіктің қатысушысынан үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

18-18) серіктестіктің қатысушылары мен үлесті сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

18-19) серіктестіктің қызметіне байланысты өзге мәселелер;

19) басшы қызметкерлерінің негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін алдын ала мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

20) басшы және басқарушы қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламасын алдын ала мақұлдау және оның Директорлар кеңесінің бекітуіне шығару;

21) Директорлар кеңесі бекіткен реттеуші құжатына сәйкес мүдделер қақтығысын және корпоративтік қақтығыстарды мониторингілеу және оларды реттеуге қатысу;

22) бекітілуі Қоғамның Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды, егер оларды Қоғам әзірлеген жағдайда, алдын ала мақұлдау;

23) Қоғамның Басқарма мүшелерінің жұмыстарын қоса атқаруды алдын ала мақұлдау;

24) Қоғамның даму жоспары (бизнес-жоспары) аясында (толық бюджет болған жағдайда) Қоғамның бюджетін (толық) бекіту.

5. Қоғамның Басқармасы ҚР заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген басқа мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

6. Қоғам Басқармасының қабылдаған шешімдерін Қоғамның қызметкерлері орындауға міндетті.

Басқарма шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қоюға тиіс және ол әр сұрақ бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерінің қорытындысы көрсетіліп, дауыс беруге қойылған сұрақтардан тұруға тиіс.

7. Қоғамның акционерлері болып табылмайтын Қоғам акционерлері мен оның қызметкерлері Басқарма мүшелері болуы мүмкін.

Қоғамның Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері ҚР заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы Ережемен, сондай-ақ аталған тұлға мен Қоғам арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер немесе Қоғамның Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек

шартына Қоғамның Басқарма Төрағасы қол қояды.

Қоғам Басқармасының мүшелеріне, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның өзге қызметкерлеріне Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғалардың директорлар кеңестерінде, атқарушы органдарында лауазымдар атқаруға тыйым салынады.

8. Басқарма Төрағасы және мүшелері үш жыл мерзімге сайланады. Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне өкілеттік мерзімі жалпы Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

9. Қоғамның Басқарма мүшелері залалды болдырмау, Қоғам қызметін оңтайландыру үшін Қоғам Басқармасының отырысын шақыруға бастама жасау, Қоғамның Басқарма Төрағасына хабар беру арқылы немесе өзге қол жетімді тәсілмен қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

10. Қоғам Басқармасының әр мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда, Қоғамның Басқарма Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

11. Қоғам Басқармасы мүшесінің өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне дауыс беру құқығын беруіне жол берілмейді.

12. Қоғам Басқармасы өзінің отырысын әдетте, айына кемінде 1 рет өткізеді. Қоғамның Басқармасы, егер оның отырысына Қоғамның сайланған Басқарма мүшелерінің жартысынан азы қатысқан жағдайда, шешім қабылдауға құқылы.

13. Қоғам Басқармасы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

14. Қоғам Басқармасы өздеріне жүктелген міндеттерді орындау барысында Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Қоғамның қызметі туралы ақпаратпен, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратпен сұраныс алған сәттен бастап он күннен кешіктірмей уақытында қамтамасыз етеді.

17-бап. Қоғамның Басқарма Төрағасы

1. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып табылады және Қоғам қызметіне басшылықты жүзеге асырады, сонымен қатар Қоғам Басқармасын басқарады.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасы мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) Қоғамның ағымдағы операциялық қызметін жүзеге асырады;
- 2) Қоғам Жалғыз акционерінің, Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) Қоғам қызметінің ҚР заңдарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 5) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

6) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын), қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты нысаналарын, Қоғамның дивидендті саясатына қатысты ұсыныстарды, Қоғам қызметінің басым бағыттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

7) Қоғам ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

8) Директорлар кеңесін Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктері туралы хабардар етеді;

9) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын), Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің жетістіктері мен олардың мақсатты нысаналарын іске асыру, Қоғамның негізгі

тәуекелдері мен оларды тиімді басқару туралы басқару есептілігін, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен басқару есептілігінің тәртібіне және нысандарына сәйкес өзге есептілікті дайындап, ұсынуды қамтамасыз етеді;

10) Қоғамның Директорлар кеңесін осы Жарғының 16- бабы 4-тармағының 16) тармақшасына сәйкес қабылданған Басқарма шешімдері аясындағы Қоғамның Директорлар кеңесінің өз құзыретін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді;

11) Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын Қоғам қызметіндегі маңызды оқиғалар жайында хабардар етеді;

12) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өздеріне жүктелген міндеттерін орындау кезінде Қоғам қызметі туралы ақпаратты, қажетті түсіндірмелер беруді сұрау алған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, уақытылы қамтамасыз етеді;

13) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, аралық қаржылық есептілігін және Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті дайындауды қамтамасыз етеді;

14) Қоғам қызметі туралы ақпараттың уақытылы және толық ашылуының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

15) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар әзірлеу мен енгізуді қамтамасыз етеді;

16) Қоғамның кадр саясатын, атап айтқанда, Қоғам қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы мен жалақыға дербес үстемеақы мөлшерін белгілейді, Қоғам Басқармасының мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, Қоғамның корпоративті хатшысын және өзге қызметкерлерді қоспағанда, ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін белгілейді;

17) Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен, оның ішінде белгіленген тәртіппен Қоғам Басқармасы мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және Қоғамның корпоративті хатшысымен еңбек шарттарын жасайды және оларды бұзады;

18) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады, нұсқаулар береді;

19) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғам қызметкерлерінде туындайтын мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізеді және оны реттеуге қатысады;

20) Қоғамның мәмілелер немесе нәтижесінде құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің кемінде екі пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иелігінен шығаратын (сатып алуы немесе иелігінен шығаруы мүмкін) өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауы туралы шешімдер қабылдайды;

21) Қоғамның Жалғыз акционері белгілеген нысандар бойынша және мерзімде Жалғыз акционерге Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептілігін дайындау мен ұсынуды, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) іске асыруды қамтамасыз етеді;

22) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Қоғам Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

- 23) Қоғамның Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;
- 24) Қоғамның жұмыс істеу режимін белгілейді;
- 25) Қоғамның банктік шоттарын ашады;
- 26) Қоғамның Басқармасының жұмысын ұйымдастырады, Қоғам Басқармасының отырыстарын шақырады және Қоғамның Басқарма мүшелерінің карауына қажетті материалдарды ұсынады;
- 27) Жылдық қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсыныстарының, сонымен қатар Қоғамның Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына бақылау жасайды;
- 28) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 29) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе ҚР заңнамаларымен қорғалған өзге де құпиялардан тұратын қызметі туралы ақпаратты қорғау мен оның бүтіндігін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- 30) Директорлар кеңесіне Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады және есепті қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін белгілеу туралы ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 31) Қоғамның Басқарма мүшелерін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері туралы хабардар етеді;
- 32) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға сәйкес, Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы қызметін қамтамасыз етеді;
- 33) Қоғам қызметінің ҚР заңнамаларына және ҚР мемлекеттік органдарының талаптарына сәйкестігіне бақылау жасауды жүзеге асыратын ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 34) Қоғамның кадрлар резервінде тұрған мүшелермен олармен танысу, бағалау, білім алмасу және оларға Қоғамның Стратегиясын түсіндіру үшін үнемі кездесулер өткізеді;
- 35) өзге де, атап айтқанда, ҚР заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес аталған органдар мен Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, оған Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның Директорлар кеңесі берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18-бап. Ішкі аудит қызметі

1. Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жасау, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалау жүргізу, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және консультация беру үшін Қоғамның Ішкі аудит қызметі құрылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

2. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын қадағалауды Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитеті жүзеге асырады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен қызметтері, оның құқықтары мен жауапкершілігі, қызметін ұйымдастыру тәртібі

Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережесімен анықталады.

3. Қоғамның Ішкі аудит қызметі белгіленген тәртіппен:

1) Қоғам қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;

2) жүйелі және сабақтастықты ұстанымға сүйене отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару үдерістерін бағалайды, консультациялар береді және оларды жетілдіруге ықпал етеді;

3) ҚР-ның қолданыстағы заңнамаларына, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өз құзыретіне жатқызылған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

4. Қоғам мен Қоғамның Ішкі аудит қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары ҚР заңнамаларымен және осы Жарғымен реттеледі.

19-бап. Корпоративтік хатшы

1. Корпоративті хатшы – Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғам қызметкері, оны Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

2. Корпоративті хатшыға Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің сақталуын, сондай-ақ Қоғамның корпоративті басқару саласындағы ҚР заңдарының ережелері мен нормаларын, Жарғы ережелерін, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету міндеттері жүктеледі. Корпоративті хатшы сонымен қатар Қоғам органдарының тиімді ақпарат алмасуына ықпал етеді және Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқарма мүшелері үшін корпоративті басқарудың барлық мәселелері бойынша кеңесшінің қызметін атқарады. Қоғамның корпоративті хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауға және оның өткізілуіне, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етуге бақылау жасайды, оларға қол жетімділікті қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді.

Корпоративті хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің дәл және нақты ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз етеді.

3. Корпоративті хатшының құзыреті мен қызметі Директорлар кеңесі белгіленген тәртіппен бекітетін Корпоративті хатшы туралы ережемен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

4. Корпоративті хатшының басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмыс істеуіне немесе лауазым иеленуіне Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

5. Қоғам мен Корпоративті хатшының арасындағы еңбек қатынастары ҚР заңдарымен, осы Жарғымен және Басқарма Төрағасы мен Корпоративті хатшының арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

20-бап. Қоғамның аудиті

1. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.

2. Қоғам аудиті Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының

бастамасымен Қоғам есебінен немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл орайда Қоғамның Жалғыз акционері аудиторлық ұйымды жеке-дара белгілеуге құқылы.

3. Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйымның сұратқан барлық қажетті құжаттарын (материалдарды) беруге міндетті.

21-бап. Жасалуына айрықша талаптар қойылған Қоғам мәмілелері

1. Қоғамның ірі мәмілелер және мүдделілігі бар мәмілелер жасауы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

2. Қоғамның «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдармен ірі мәмілелер және мүдделілігі бар мәмілелер жасауы туралы шешім «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен қабылданады.

22-бап. Қоғамның ақпаратты ашуы

1. Қоғам Жалғыз акционерге Қоғамның төмендегі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты хабарлауға міндетті:

1) Қоғамның Жалғыз акционері қабылдаған шешімдер;

2) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат Жалғыз акционердің мәліметіне жеткізілуі тиіс мәселелер тізілімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;

3) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

4) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасауы.

Нәтижесінде мүлік қоғам активтерінің мөлшерінен он және одан көп пайызы сомасына сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімі және шарттару, тартылған тұлғалардың қатысу сипаты мен үлес көлемі туралы деректер, сондай-ақ мәмілет туралы басқа да деректер болуы тиіс;

5) Қоғам мүлкін осы Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру;

6) Қоғамның өз капиталының мөлшерінен Қоғамның жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;

7) Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсаттамаларды алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсаттамалардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату;

8) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

9) Қоғам мүлкіне тыйым салу;

10) нәтижесінде Қоғам мүлкі, Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын баланстық құны жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

11) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке

тарту;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

13) қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

14) осы Жарғыға, сонымен қатар Қоғам акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлерінің) мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат.

2. Қоғам ҚР бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозиторийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар, Қоғамның жылдық қардылық есептілік және аудиторлық есептер туралы ақпараттың, аффилирленген тұлғалар тізімінің, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте және мерзімде жылдық қорытындылары бойынша Қоғамның атқарушы органының мүшелеріне сыйақының жалпы мөлшері туралы ақпараттың орналастыруын қамтамасыз етеді.

3. Осы Жарғының осы бабының 1-тармағында санамалап көрсетілген Қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдары, атап айтқанда, кемінде он бес мың дана таралыммен шығарылатын және ҚР-ның барлық аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдары мен (немесе) Қоғамның WEB-сайты не Интернет желісінің өзге WEB-сайты қолданылады.

4. Егер ҚР-ның заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (Жалғыз акционердің назарына жеткізу) мерзімі көзделмеген болса, онда Жарғының осы бабының 1-тармағында санамалап көрсетілген ақпарат ол туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі).

5. Жалғыз акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Қоғам соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

6. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

23-бап. Қоғамның құжаттары

1. Қоғам қызметіне қатысты құжаттар Қоғам Басқармасы орналасқан жерде оның бүкіл қызмет ету мерзімі бойында Қоғамның сақтауында болады. Құжаттар ҚР заңнамаларында белгіленген тізбеге (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес сақталады.

2. Тізбеге енгізілмеген өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

3. Қоғамның Жалғыз акционерінің жазбаша талап етуі бойынша Қоғам оған Тізбеге енгізілген құжаттардың көшірмелерін мұндай талап Қоғамға келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті.

Қоғамның Жалғыз акционерінің өзіне осы Жарғының көшірмесін беру туралы талабын Қоғам осы сұрауды алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде орындайды.

4. Қоғам қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардан тұратын ақпаратқа шектеу енгізуге құқылы.

5. Құжаттардың көшірмелерін алу үшін төлемақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалатын шығынның құны мен Қоғам акционеріне құжаттарды жеткізіп берумен байланысты шығындардың төлемақысынан аспауға тиіс.

6. Қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардан тұратын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар Қоғамның Жалғыз акционеріне оның талап етуі бойынша танысу үшін берілуге тиіс.

24-бап. Қоғамның Жалғыз акционері мен оның лауазымды тұлғаларына аффилиирленген тұлғалар туралы ақпарат ұсыну тәртібі

1. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен) жүргізеді.

2. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті аффилиирлеу туындаған күннен бастап жеті күн ішінде беруге міндетті.

Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға өздерінің Заңға сәйкес белгіленген аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті аффилиирлеу туындаған күннен бастап жеті күн ішінде жазбаша түрде тапсыруға міндетті.

Қоғамның Жалғыз акционері мен лауазымды тұлғалары Қоғамға осы Жарғыда көрсетілген тәртіппен және мерзімде өздерінің аффилиирленген тұлғаларының өзгергені туралы мәліметті беруге тиіс.

Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұрын аффилиирленген тұлға ретінде көрсеткен тұлға ондай болмай қалған жағдайда, Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл туралы Қоғамға бес күн ішінде хабарлайды.

25-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру

1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) ҚР заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қайта ұйымдастыру ерікті түрде немесе мәжбүрлеу арқылы жүргізілуі мүмкін.

3. Егер Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның акциялар шығарылымының күші ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

26-бап. Қоғамды тарату

1. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен қабылдайды.

2. Қоғамды мәжбүрлеп тарату ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот арқылы жүзеге асырады.

Қоғамды тарату туралы талапты, егер ҚР заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмеген болса, сотқа мүдделі тараптар қоя алады.

3. Соттың немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің Қоғамды тарату туралы шешімімен Тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамды таратқан кезеңде Қоғамды басқару және ҚР заңнамаларында анықталған іс-қимыл тізбесін жасау бойынша өкілеттіктерге ие болады.

Ерікті түрде таратқан кезде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері, сонымен бірге Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуге құқылы.

4. Қоғамды тарату рәсімі мен оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі ҚР заңнамаларымен реттеледі.


5. Қоғамды таратқан кезде оның жарияланған, оның ішінде жарналасырылған акциялары ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен күшін жояды.

6. Қоғамның таратылатын мүлкін бөлу ҚР заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқарма Төрағасы



А. Сәтқалиев



2012
НЫ
лік
энін
ілін
і-ак

Единственным акционером
АО «Самрук-Энерго»
(протокол Правления
АО «Самрук-Қазына»
от «03» 03 2017 года
№ 04/17)

УСТАВ
Акционерного общества
«Самрук-Энерго»

Астана 2017 год

Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан (далее – «РК») и определяет правовой статус акционерного общества «Самрук-Энерго», как юридического лица, именуемого в дальнейшем «Общество».

Статья 1. Общие положения

1. Полное наименование Общества:
 - а) на государственном языке: «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы;
 - б) на русском языке: акционерное общество «Самрук-Энерго»;
 - в) на английском языке: «Samruk-Energy» joint stock company.
2. Сокращенное наименование Общества:
 - а) на государственном языке: «Самұрық-Энерго» АҚ;
 - б) на русском языке: АО «Самрук-Энерго»;
 - в) на английском языке: «Samruk-Energy» JSC.
3. Место нахождения исполнительного органа Общества: 010000, РК, город Астана, район Есиль, проспект Кабанбай батыра, дом 15 А.
4. Срок деятельности Общества - не ограничен.
5. Деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.
6. Форма собственности Общества – частная.

Статья 2. Юридический статус Общества

1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством РК, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.
2. Общество имеет печать, штампы и бланки с указанием наименования Общества, может иметь свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются Правлением Общества и регистрируются в установленном порядке.
3. Общество вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории РК и за ее пределами в соответствии с законодательством РК.
4. Общество осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством РК, настоящим Уставом и внутренними документами Общества.
5. В порядке, предусмотренном законодательством РК, Общество вправе создавать филиалы и представительства, расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании положения, наделять их основными и оборотными средствами за счет собственного имущества, а также вправе создавать некоммерческие организации, в том числе учреждения.
6. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.
7. Общество не несет ответственность по обязательствам своего Единственного акционера. Единственный акционер не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК.

Статья 3. Цели и виды деятельности Общества

1. Основными целями создания и деятельности Общества (функциями) являются:

- 1) получение чистого дохода;
- 2) содействие в модернизации существующих и строительстве новых генерирующих мощностей, внедрении новых технологий в энергетике РК;
- 3) обеспечение повышения эффективности работы энергосистем;
- 4) повышение эффективности деятельности юридических лиц, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат Обществу на праве собственности или доверительного управления;
- 5) обеспечение реализации инвестиционных проектов в РК;
- 6) обеспечение реализации утверждаемых Правительством РК программ реформирования электроэнергетического комплекса;
- 7) проведение энергосберегающей политики и обеспечение экологической безопасности энергетических объектов Общества.

2. Общество осуществляет виды деятельности, не связанные с деятельностью субъектов естественных монополий, а именно:

- 1) управление электроэнергетическими, угольными активами, принадлежащими Обществу на праве собственности и/или доверительного управления;
- 2) другие виды деятельности, не запрещенные законодательством РК.

3. Любая разрешенная деятельность будет осуществляться в соответствии с законодательством РК и только по получению соответствующих лицензий, разрешений и/или одобрений, если таковые должны быть получены в соответствии с законодательством РК.

Статья 4. Уставный капитал Общества

1. Уставный капитал Общества формируется посредством оплаты акций акционерами по их номинальной стоимости по ценам размещения, определяемым в соответствии с требованиями, установленными Законом РК «Об акционерных обществах» (далее - Закон), и выражается в национальной валюте РК.

2. Увеличение уставного капитала Общества осуществляется посредством размещения объявленных акций Общества в соответствии с законодательством РК и настоящим Уставом.

Статья 5. Акции и другие ценные бумаги Общества

